

Сайрам аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 наурыздағы № 14-96/VII "Сайрам ауданының жайылымдарын басқару және оларды 2022- 2023 жылдары пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2022 жылғы 22 қарашадағы № 22-133/VII шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына және "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 1) тармақшасына сәйкес Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сайрам аудандық мәслихатының "Сайрам ауданының жайылымдарын басқару және оларды 2022- 2023 жылдары пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" 2022 жылғы 18 наурыздағы № 14-96/VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 165653 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сайрам аудандық мәслихатының хатшысы

Ш.Халмурадов

Сайрам аудандық мәслихатының
22 қараша 2022 жылғы № 22-133/VII
шешіміне қосымша

Сайрам ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспары

Осы Сайрам ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі-Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы

"Жайылымдар туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 28 сәуір 2017 жылы № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын

бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 15 мамыр 2015 жылы № 11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1)құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы);

2)жайылым айналымдарының қолайлы схемалары;

3)жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы;

4)жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы;

5)жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;

6)ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы;

7)ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі;

8)тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық мекемелер туралы деректер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Сайрам ауданында 11 ауылдық округте 42 елді мекен бар.

Сайрам ауданының барлық жер көлемі 114761 гектарды құрайды. Барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтығы 76820 гектар, оның ішінде егістік жерлер 51862 гектар, оның ішінде суармалы егістік 15466 гектар, көп жылдық ағашты өсімдіктер 2110 гектар, аудан аумағындағы жайылымдар-22090 гектар, шалғайдағы (аудан аумағынан тыс жерлерде пайдаланылатын жайылымдық) жерлер-8234 гектар.

Жер санаттары бойынша

Ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтығы 76820 гектар, Елді мекендердің жерлері 22342 гектар.

Өнеркәсіп,көлік байланыс,қорғаныс және ауыл шаруашылық емес басқа мақсаттарда пайдаланатын жерлер 1940 гектар.

Орман қорының жерлері 243 гектар. Су қорының жерлері 1028 гектар.

Арнаулы жер қорының жерлері 12388 гектар.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Сайрам ауданында 11 ауылдық округтер (Ақбұлақ, Ақсукент, Арыс, Жібек жолы, Қайнарбұлақ, Қарабұлақ, Қарамұрт, Қарасу, Құтарыс, Көлкент, Манкент), 42 ауылдық елді-мекендер орналасқан.

Мазмұны:

1.Табиғаты

2.Климаты

3.Гидрографиясы

4.Ауыл шаруашылығы

Табиғаты:

Ауданда туризм және демалыс орындары үшін пайдалануға болатын табиғи ландшафттар мен шырайлы жерлер көп.

Соңғы деректерге қарағанда аудан территориясында құстың 167, сүт қоректілердің 52, бауырымен жорғалаушылардың 11, қос мекенділердің 3 және балықтың 5 түрі мекендейді. Шыбын-шіркей, құрт- құмырсқаның 2124 түрлері бар.

Сайрам ауданы өсімдіктер дүниесіне бай, аудан аумағында мүктің 63 қынаның 64-тен астам қозықұйрықтың 235, жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1312 түрі өседі. Соның ішінде бұтаның 62 түрі, ағаштың 16 түрі кездеседі. Бұл бүкіл Қазақстанның өсімдік құрамының төрттенбірі.

Климаты:

Аудан тау етегінде орналасқан, суық болмайтын күндері 185-200 күнді құрайды, жылдық ауаның ылғалдылығы 330-390 мм. Қыс айларында қардың қалыңдығы 20-30 см-ге барады. Ұзақтығы 120-126 күнге созылады. Жер қыртысы ылғалды ашық сұр топырақты болып келеді. Ауданның ауыл шаруашылығы көп салалы егіншілік және мал шаруашылығымен айналысады. Ауданның тура ортасынан тау етегінен бастау алатын Ақсу өзені өтеді.

Егін шаруашылығында басты егілетін дәнді дақылдар (бидай, арпа, жүгері), мақсары, көкөніс, бау, жүзім, мал азықтық жоңышқалар.

Аграрлық құрылымында 8030 шаруа қожалығы, 244 өндірістік кооператив пен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және тағы басқа ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін мекемелер жұмыс істейді. Олардың ішінде бір неше консервілеу зауыты. Бүгінгі таңда Сайрам ауданында алма бау өсірумен айналысатын "Қара казим" ӨК, "Галия", "Сарман тәжі", "Нұрлы жол", "Айша" ШҚ-ры, жүзім 98 гектар, интенсивті баумен айналысатын "Dala Fruit", "Алмалы-С" ЖШС-і және "Dala Fruit" АШӨК-рі алма бау өсіріп, бүгінгі таңда жоғары өнім алынуда. Жазы ыстық шілде айының орташа температурасы 27-42С.

Гидрографиясы:

Ауданның дамыған гидрографиялық жүйесі бар. Аудан аумағынан өтетін Ақсу, Арыс және Машат өзендері негізгі суландыру көздері болып табылады. Құрамында минералды бай қоспалары бар емдік жылы суы арқылы Республика көлемінде жақсы танымал "Манкент" шипажайы бар.

Сайрам ауданы аумағын ағын сумен барлығы 53 канал қамтамасыз етеді. Бұл каналдардың 47 Сайрам аудандық коммуналдық меншігінде, бұдан бөлек-6 канал жеке меншікте. Сайрам ауданы әкімдігінің "Ақсу" МКК-ның шаруашылығына жалға берілген 47 каналдың жалпы ұзындығы 362 шақырым, оның ішінде бетонды канал 6, ұзындығы 51,44 шақырым, жер каналдар 41, ұзындығы 302 шақырым. Осы каналдарда 173 су бөлу бекеттері орнатылған. Бұл каналдардың су басы Ақсу, Арыс өзендерінен және кішігірім көл, бұлақтардан басталады. Ақсу өзенінен су бөлетін 2 бөгет Түркістан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының "Тұран - су" МКК меншігінде. Арыс өзенінде су бөгеті жоқ.

Аудан көлемінде 17254 га суармалы жер көлемі орналасқан. Өзендер

Аудан көлемінде үлкенді-кішілі 3 өзен бар. Аудан аумағында өзендер таулы аймақтардан бастау алады.

Өзендер: Ақсу өзені ұзындығы-53 шқ, Арыс өзені ұзындығы-37 шқ, Машат өзені ұзындығы-5 шқ. Жалпы ұзындығы - 95 шақырым

Ауыл шаруашылығы:

Сайрам ауданы Түркістан облысының ірі агро-өнеркәсіптік аудандардың бірі болып саналады. Аудан негізінен ет-сүт, дәнді дақылдар, май өнімдері, жеміс-жидектер, көкініс өнімдерін өндірумен айналысады.

Ауданның ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 76820 гектар. Оның ішінде егістік жерлер 51862 гектар, оның ішінде суармалы егістік 15466 гектар, көп-жылдық екпе ағаштары 2110 гектар, жайылымдық 22090 гектар.

Халқымызды азық-түлікпен толық қамтамасыз ету бірінші кезекте, мал шаруашылығы азығының негізі болып табылатын-табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану болып табылады.

Сайрам ауданы мал шаруашылығы дамып келе жатқан өлке. Сондықтан, табиғи жайылымдарды басқару және оларды тиімді пайдалану жөніндегі жоспар-жайылымдарды ұтымды пайдалану, ауыл

шаруашылық малдарын жем-шөпке деген қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбаудың негізгі мақсаты болып табылады.

Бүгінгі заман талабына сәйкес қалыптасып отырған меншік иелері үшін табиғи жайылымды сақтау мен пайдалану арасындағы қатынасты сақтай отырып, мал шаруашылығын тұрақты дамыту талабы кезек күттірмейтін міндет. Әрине, бұл мәселені шешудің төте жолы – жайылымдық жерлердің жағдайын жақсарту шараларын іске асырып, жайылымдарды тиімді де ұтымды пайдалану болып табылады.

Сайрам ауданындағы ауылдық округтері бойынша мал басының саны туралы мәлімет.

к/с	Ауыл округтер мен поселкелік округтер атаулары	Мал түрлері мен сандары			
		Ірі қара мал	Уақ мал (қой мен ешкі)	Жылқы	Түйе
1	2	3	4	5	6
1	Ақбұлақ ауылдық округі	2347	2076	560	3
2	Ақсукеңт ауылдық округі	4986	3178	1075	-
3	Арыс ауылдық округі	11424	12489	2619	-
4	Жібек жолы ауылдық округі	545	932	431	-
5	Қайнарбұлақ ауылдық округі	1429	3201	231	42
6	Қарабұлақ ауылдық округі	20452	9469	9517	-
7	Қарамұрт ауылдық округі	18714	17511	2041	-
8	Қарасу ауылдық округі	3154	1906	1109	-
9	Құтарыс ауылдық округі	4589	10213	2311	-
10	Көлкент ауылдық округі	4943	4861	1267	-
11	Манкент ауылдық округі	43041	11950	8880	-
Барлығы:		243843	183271	77048	45

Төрт түлік малдың жайылымдық жерлермен қамтылу деңгейі:

--	--	--	--	--	--

[illegible]

6	Қарабұлақ ауылыдық округі	120128	20452	20452	8	163616	85723	2	171446	52283	9	470547	9	
7	Қарамұрт ауылыдық округі	18714	3860	3290	8	26320	17511	2	35022	2041	9	18369	-	9 -
8	Қарасу ауылыдық округі	9264	3349	2540	8	20320	6262	2	12524	1673	9	15057	-	9 -
9	Құтарыс ауылыдық округі	4589	3654	1835	8	14680	12306	2	24612	2414	9	21726	-	9 -
10	Көлкент ауылыдық округі	20667	5235	4360	8	34880	16208	2	32416	2714	9	24426	-	-

	ру гі													9	
11	М ан ке нт ау ыл ды қ ок ру гі	43 04 1	12435	12225	8	97800	11950	2	23900	8880	9	79920	-	9	-
Аудан бойын ша	24 38 43	56920	49977	8	399816	183271	2	366542	77048	9	693432	45	9	40 5	

Жұртшылық шаруашылық малдарына қызмет көрсететін ветеринариялық-санитарлық объектілер: ветеринариялық станциялар 11, ұсақ малдарды шомылдыру орындары 20, жасанды ұрықтандыру пункттері 14, биотермиялық шұңқырлар 11.

Ветеринариялық-санитариялық мекемелер туралы деректер:

К/с	Ауыл округі	ветеринариялық станциялар	ұсақ малдарды шомылдыру орындары	жасанды ұрықтандыру пункттері	биотермиялық шұңқырлар
1	Ақбұлақ	1	1	1	1
2	Аксукент	1	1	1	1
3	Арыс	1	3	1	1
4	Жибек жолы	1	2	1	1
5	Қарасу	1	2	2	1
6	Қарабұлақ	2	1	3	1
7	Қайнарбұлақ	1	3	1	1
8	Көлкент	1	3	1	1
9	Құтарыс	1	2	1	1
10	Қарамұрт	1	1	1	1
11	Манкент	-	1	1	1
	Барлығы:	11	20	14	11

1970-1980 жылдардағы геоботаникалық зерттеу нәтижесінде аудан территориясының басым бөлігі эфемерлі-жусанды жайылым түрлеріне жататындығы анықталды. Қазіргі таңда, жайылым жерлерден орташа 3,6 ц/га құрғақ жем-шөп алынууда.

Сусыз жайылымдарда, далалы және шөлейт жайылымдарда шөп тым аласа өседі, ауа райы қолайсыз жылдары шөп пішенге шабуға келмейді.

Жайылым жерлердің құрғақ массасының орташа түсімділігі 5,3 ц/га, азықтық бірлігі 3,1 ц/га.

Табиғи жем-шөп алқаптарындағы жайылымдардың түсімділігі (ц/га) мен азықтық бірлігіне баға беру көрсеткіштері:

Жайылымды маусымдық пайдалану ұсынысы	Азықтық бірлік бойынша жайылым сапасының өнімділігі (ц/га)				
	жақсы	ортадан жоғары	орта	ортадан төмен	жаман
1	2	3	4	5	6
Көктемгі-жаздық, күздік және жаздық	11,0 Жоғары	7,0-11,0	4,0-6,9	2,0-3,9	2,0 төмен
Көктемдік	7,5 жоғары	5,5-7,5	3,0-5,4	1,5-2,9	1,5 төмен
Күздік	3,0-4,0	2,0-2,9	1,0-1,9	-	1,0 төмен
Көктемдік-күздік	Екі маусым бойынша бағаланады, көктемдік-күздік				

Аймақтағы мал өсірудің негізгі қорлары шөп шабындық болып табылады, ол жылдық тұтынылатын жемнің 20-35 пайызын құрайды. Қолайлы жылдары ұсақ мүйізді ірі қара мен жылқылардың көпшілігі табиғи жайылымнан тамақтану кезінде қажет қоректік заттарды алады.

Жем-шөп қорының құнарлығы төмендегі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

Жайылымды маусымдық пайдалану ұсынысы	Жем-шөптің құнарлығы (100 кг құрғақ шөптегі азықтық бірліктің көлемі)		
	жақсы	орта	жаман
1	2	3	4
Көктемдік	68-ден жоғары	51-69	51-ден төмен
Көктемгі-жаздық, күздік және жаздық	50-ден жоғары	40-50	40-тан төмен
Күздік	40-тан жоғары	30-40	30-дан төмен

Қорытынды.

1. Ауыл шаруашылығындағы мал өрісін тиімді пайдалану шарасын іске асыру үшін әр үйде ұсталынатын мал басын (сауынды сиыр) анықтап елді мекендер шегіндегі ортақ пайдаланудағы жайылымдық жерлерге қалдыру қажет. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес анықталуы тиіс.

2. Сүт өнімдерін өндірумен айналысатын сауынды сиыр басы 100-150 ден астам қожалықтарды жайылыммен қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты мақсаты.

3. Сонымен қатар, жайылымдардың тиімді алаңдарына жүктемені азайту мақсатында, жас малды Қайыршақты және Құрмашат тауларында жаю ұйымдастырылған.

4. Аудан бойынша арнайы жер қорындағы жайылым жерлерімен өз малдарын қамтамасыз етіп, өзге аудандарға жалға беруге мүмкіндігі бар Бәйдібек ауданын атауға болады.

Сайрам ауданы қолданыстағы ортақ пайдаланудағы жайылымдық жерлеріне малдарын қамтамасыз етуге мүмкіндігі болмауына байланысты мүмкіндігі бар аудандарға бекітіп, қажетті жайылымдық өрістерін бөлу мәселесі-жайылымдық мал жаю салмағын төмендетудің негізгі жолы ретінде ұсынылады.

Жайылыммен қамтылған аудан	Жайылымдық жерге мұқтаж аудандар
Бәйдібек	Сайрам

5. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығымен ауданның ауылдық округтердің топырақ климаттық және метеорологиялық жағдайларына байланысты жайылым жерлерде азықтық массасының шығымдылығы мен желінгіш азықтық үлесін есептей отырып, аудандағы ауылдық округтерде орта есеппен: уақ малға – 2 гектар, ірі қара малға – 8,0 гектар, түйеге – 9,0 гектар, жылқыға – 9,0 гектар болып нақтыланған.

Сайрам ауданы әкімдігінің есебімен, мал санына сәйкес жайылым жермен қамтамасыз ету үшін көлемі 653 388 гектар жайылым керек. Ауданымыздағы жалпы жайылым жер көлемі 22090 гектар құрап отырғанын ескерсек, 631 298 гектар жайылым жерінің жетіспейтіндігі мәлім болып отыр.

Ұсыныс:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығында мал басына белгіленген жайылымның шекті мөлшерін тұрғылықты жерге байланысты қайта есептеу ұсынылады.

Қосымшада ауыл округтері бөлінісінде мәліметтер, сызба және карталар: 1-қосымша – Ақбұлақ ауыл округі

2-қосымша – Ақсукеңт ауыл округі 3-қосымша – Арыс ауыл округі

4-қосымша – Жібек жолы ауыл округі 5-қосымша – Қайнарбұлақ ауыл округі 6-қосымша – Қарабұлақ ауыл округі

7-қосымша – Қарамұрт ауыл округі 8-қосымша – Қарасу ауыл округі

9-қосымша – Құтарыс ауыл округі 10-қосымша – Көлкент ауыл округі 11-қосымша – Манкент ауыл округі

1. Ақбұлақ ауылдық округі Орталығы–Ақбұлақ ауылы. Елдімекендері- Ақбұлақ. Халық саны - 5580 адам.

Округтің жалпы жер көлемі-5294 гектар. Оның ішінде:

ауыл шаруашылық жер-4507 гектар; жалпы егістік-3248 гектар.

суғармалы жер -936 гектар;

Округ аумағындағы жайылым жер -1016 гектар;

Ақбұлақ а/о Аққала алабаралық жер теліміндегі жайылым жер -36,6 гектар; Ақбұлақ а/о Құрмашат алабаралық жер теліміндегі жайылым жер -177,4 гектар.

Елді мекендер бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер.

№	Елді мекен	Түйе	Жылқы	Ірі қара мал	Ұсақ мал
1	Ақбұлақ	3	650	2347	2076
	Барлығы:	3	650	2347	2076

Ветеринариялық-санитариялық мекемелер туралы деректер:

№	Ауыл округі	Ветеринариялық станциялар	Ұсақ малдарды шомылдыру орындары	Жасанды ұрықтандыру пунктері	Биотермиялық Шұңқырлар
1	Ақбұлақ	1	1	1	1
	Барлығы:	1	1	1	1


Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы:

№	Жайылым аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Жайылым аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Сәуір-мамыр	Тамыз-қазан	


Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі:

№	Ауылдық округі	Е л д і мекендердегі және аудан аумағынан тыс жерлерде пайдаланылатын жалпы жайылымның жер көлемі, гектар	Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, гектар			
			Жылқы	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Ірі қара мал
1	2	3	4	5	6	7
1	Ақбұлақ	1230,34	74	9	666	282
	Барлығы:	1230,34	74	9	666	282
Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Ұсақ мал	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Түйе	Гектар нормасы
8	9	10	11	12	13	14
8	2256	630	2	1260	3	9
8	2256	630	2	1260	3	9
Қажетті жайылым, гектар		Жалпы қажет жайылым жер көлемі, гектар	Елді мекендердің жалпы жайылыммен қажетті жайылымның айырмасы, (-, +)			
15		16	17			
27		4209	-2978,66			
27		4209	-2978,66			

Сайрам ауданы, Ақбұлақ ауылдық округі бойынша құқықтық белгідейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар белінісінде әкімшілік- аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




Сайрам ауданы, Ақбұлақ ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемасы және жайылымдардың сыртқы, ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілер:
 I-Елді мекен жерлері
 II-Сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылым
 III-Тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылым
 Жайылымдық инфрақұрылым объектілері (өзендер)

Сайрам ауданы, Акбұлақ ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі



Шартты белгілер:


I-Елді мекен жерлері

II-Сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылым

III-Тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылым

→ Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршрут белгісі

Сайрам ауданы, Акбұлақ ауылдық округі бойынша жайылым
пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне
қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

— Су көздері (өзендер)

→ Су көздеріне қол жеткізу схемасы

Сайрам ауданы, Ақбұлақ ауылдық округі бойынша жайылымы жоқ және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін ауыл маңындағы және шалғайдағы жайылымдарға ауыстыру схемасы



2. Аксукент ауылдық округі Орталығы–Ақсу ауылы.

Елдімекендері- Ақсу, Алаш, Бәйтерек. Халық саны - 44861 адам.

Округтің жалпы жер көлемі-3110гектар. Оның ішінде:

ауыл шаруашылық жер-217 гектар; жалпы егістік-189 гектар.

суғармалы жер -115 гектар; жайылымдық жер -19 гектар.

Елді мекендер бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер.

№	Елді мекен	Түйе	Жылқы	Ірі қара мал	Ұсақ мал
1	Ақсу	-	804	2179	1175
2	Алаш	-	120	1648	603
3	Бәйтерек	-	151	1159	1400
	Барлығы:	-	1075	4986	3178

Ветеринариялық-санитариялық мекемелер туралы деректер:

№	Ауыл округі	Ветеринариялық станциялар	Ұсақ малдарды шомылдыру орындары	Жасанды ұрықтандыру пунктері	Биотермиялық Шұңқырлар
1	Ақсу	1	1	1	-
2	Алаш	-	-	-	-
3	Бәйтерек	-	-	-	1
	Барлығы:	1	1	1	1

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі.Сонымен қатар жайылым кезеңінің ұзақтығы:

№	Жайылым аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Жайылым аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Сәуір-мамыр	Тамыз-қазан	

Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі:

№	Елді мекендер	Елді мекендерд егі жалпы жайылымның жер көлемі, гектар	Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, гектар			
			Жылқы	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Ірі қара мал
1	2	3		5	6	7
1	Ақсу	-	460	9	4140	651
2	Алаш	19	210	9	1890	412
3	Бәйтерек	8	405	9	3645	290
	Барлығы:	27	1020	9	9675	1353

Гектар нормасы		Қажетті жайылым, гектар	Ұсақ мал	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Жалпы қажет жайылым жер көлемі, гектар	Елді мекендердің жалпы жайылыммен қажетті жайылымның айырмасы,(-,+)
8		9	10	11	12	13	14
	8	5208	352	2	704	10052	-10052
							531
							797
Ба							380

3. Арыс ауылдық округі

Орталығы– Қожақорған ауылы.

Елдімекендері-Қожақорған, Нұржанқорған. Халық саны - 9500 адам.

Округтің жалпы жер көлемі-4126гектар. Оның ішінде:

ауыл шаруашылық жер- 2515 гектар; жалпы егістік- 2022 гектар.

суғармалы жер -254 гектар; жайылымдық жер -441 гектар.

Елді мекендер бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер.

№	Елді мекен	Түйе	Жылқы	Ірі қара мал	Ұсақ мал
1	Қожақорған	-	1689	7418	8043
2	Нұржанқорған	-	930	4006	4446
	Барлығы:	-	2619	11424	12489

Ветеринариялық-санитариялық мекемелер туралы деректер:

№	Елді мекен	Ветеринариялық станциялар	Ұсақ малдарды шомылдыру орындары	Жасанды ұрықтандыру пунктері	Биотермиялық Шұңқырлар
1	Қожақорған	-	3	1	1
2	Нұржанқорған	1	-	-	-
	Барлығы:	1	3	1	1

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы:

№	Жайылым аймаққа малдардың айдап шығарылу мерзімі	Жайылым аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Сәуір-мамыр	Тамыз-қазан	


Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы

кестесі:

		Е л д і мекендердегі жалпы	Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, гектар			

№	Елді мекендер	жайылымның жер көлемі, гектар	Жылқы	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Ірі қара мал
1	2	3	4	5	6	7
1	Қожақорған	359	171	9	1539	1321
2	Нұржанқорған	108	82	9	738	774
	Барлығы:	467	253	9	2277	4115
Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Ұсақ мал	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Жалпы қажет жайылым жер көлемі, гектар	Е л д і мекендердің жалпы жайылыммен қажетті жайылымның айырмасы,(-,+)
8	9	10	11	12	13	14
8	10568	2413	2	4826	16933	-16574
8	6192	1334	2	2668	9598	-9490
8	16760	3747	2	7494	27897	-26064


Сайрам ауданы, Арыс ауылдық округі бойынша құқықтық белгідейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар белінісінде әкімшілік- аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Жер санаттары:
округтің барлық жер көлемі: 4126 гектар
оның ішінде ауыл шаруашылық жерлер: 2515 гектар
жалпы егістік: 2022 гектар
оның ішінде суармалы жерлер: 254 гектар
жайылымдар: 441 гектар

жайылымдық жерлер: 441 гектар

Сайрам ауданы, Арыс ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемасы және жайылымдардың сыртқы, ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілер:


I-Елді мекен жерлері

II-Сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылым

III-Тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылым

Жайылымдық инфрақұрылым объектілері (өзендер)

Сайрам ауданы, Арыс ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі



Шартты белгілер:


I-Елді мекен жерлері

II-Сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылым

III-Тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылым


→ Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршрут белгісі

Сайрам ауданы, Арыс ауылдық округі бойынша жайылым
пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне
қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:
— Су көздері (өзендер)
→ Су көздеріне қол жеткізу схемасы

Сайрам ауданы, Арыс ауылдық округі бойынша жайылымы жоқ және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін ауыл маңындағы және шалғайдағы жайылымдарға ауыстыру схемасы



Шартты белгілер:
■ Жайылымы жоқ тұлғаларға малын жаю үшін берілетін ауыл маңындағы жайылым
■ Жайылымы жоқ тұлғаларға малын жаю үшін берілетін шалғайдағы жайылым

4. Жібек жолы ауыл округі.

Орталығы –Жібек жолы.

Елді мекендері- Жібек жолы, Машат, Сиқым . Халық саны -5927 адам.

Округтің жалпы жер көлемі- 6772 гектар. Оның ішінде.

Ауыл шаруашылық жер- 5563 гектар . Жалпы егістік- 3750 гектар.

Оның ішінде: суармалы жер – 750 гектар. Жайылымдық жер- 1522

Елді мекендер бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер.

p/c	Елді мекен	Түйе	Жылқы	Ірі қара мал	Ұсақ мал
1	Жібек жолы	-	172	547	850
2	Сиқым	-	150	385	173
3	Машат	-	109	342	410
	Барлығы	-	431	1274	1433

Ветеринариялық-санитарлық мекемелер туралы деректер.

p/c	Ауыл округі	Ветеринариялық станциялар	Ұсақ малдарды шомылдыру орындары	Жасанды ұрықтандыру пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Жібек жолы	1	1	1	1
2	Сиқым	-	1	-	-
3	Машат	-	-	-	-
	Барлығы	1	2	1	1

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылым кезеңінің ұзақтығы.


p/c	Жайылым аймаққа малдардың айдап шығарылу уақыты	Жайылым аймаққа шығарылған малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Сәуір-мамыр	Тамыз-қазан	

Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі.

p/c	Елді мекендер	Елді мекендердегі жайылымның жер көлемі,гектар	Мал басы қажетті жайылымдық жер көлемі, гектар			
			Жылқы	Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гектар	Ірі қара мал
1	2	3	4	5	6	7
1	Жібек жолы	710	172	9	1548	265
2	Сиқым	500	150	9	1350	165
3	Машат	312	109	9	981	115
	Барлығы	1522	431	9	3879	545
Гектар нормасы	Қажетті жайылым, гек тар	Ұсақ мал	Гектар нормасы	Қажетті жайылым , гектар	Жалпы қажет жайылым,жер көлемі,гектар	Елді мекендердің жалпы жайылыммен қажетті жайылымының айырмасы,(-+)
8	9	10	11	12	13	14
8	2120	349	2	698	4366	-3656
8	1320	173	2	346	3016	-2516
8	920	410	2	820	2721	-2409


8	4360	932	2	1864	10103	-8581
---	------	-----	---	------	-------	-------

Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылдық округі бойынша құқықтық белгідейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар белінісінде әкімшілік- аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Жер санаттары:
округтің барлық жер көлемі: 6772 гектар
оның ішінде ауыл шаруашылық жерлер: 5563 гектар
жалпы егістік: 3750 гектар
оның ішінде суармалы жерлер: 750 гектар
жайылымдық жерлер: 1522 гектар

Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемасы және жайылымдардың сыртқы, ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілер:


I-Елді мекен жерлері

II-Сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылым

III-Тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылым

Жайылымдық инфрақұрылым объектілері (өзендер)

Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі



Шартты белгілер:


I-Елді мекен жерлері

II-Сәуір-тамыз айларында мал жайылатын жайылым

III-Тамыз-қыркүйек айларында мал жайылатын жайылым


→ Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршрут белгісі

Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылдық округі бойынша жайылым
пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне
қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:
■ Су көздері (өзендер)
→ Су көздеріне қол жеткізу схемасы

Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылдық округі бойынша жайылымы жоқ және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін ауыл маңындағы және шалғайдағы жайылымдарға ауыстыру схемасы



Шартты белгілер:
 Жайылымы жоқ тұлғаларға малын жаю үшін берілетін ауыл маңындағы жайылым
 Жайылымы жоқ тұлғаларға малын жаю үшін берілетін шалғайдағы жайылым

5. Қарасу ауыл округі.

Орталығы–Қарасу ауылы.

Елдімекендері- Қарасу, Ақбастау, Ақбай, Әйтеке би, Ынтымақ, Бескепе, Жаңатұрмыс, Береке. Халық саны – 21 925 адам.

Округтің жалпы жер көлемі-13674гектар. Оның ішінде:
 ауыл шаруашылық жер- 9812 гектар; жалпы егістік- 5650 гектар.

Оның ішінде: суармалы жер -1326 гектар;

Округ аумағындағы жайылым жер -1075,5 гектар;

Қарасу а/о Құрмашат алабаралық жер теліміндегі жайылым жері -720 гектар;

Қарасу а/о Қайыршақты алабаралық жер теліміндегі жайылым жері -2619,16 гектар;

Қарасу а/о Иірсу алабаралық жер теліміндегі жайылым жері -206,05 гектар.

Елді мекендер бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер.

№	Елді мекен	Түйе	Жылқы	Ірі кара мал	Ұсақ мал
1	Қарасу	-	274	2908	1497
2	Ақбастау	-	288	820	912
3	Ақбай	-	160	3370	1687
4	Әйтеке би	-	170	92	717
5	Ынтымақ	-	420	815	640
6	Бескепе	-	64	700	428
7	Жанатұрмыс	-	285	495	345
8	Береке	-	12	47	36
	Барлығы:	-	1673	9247	6262

Ветеринариялық-санитариялық мекемелер туралы деректер:

№	Ауыл округі	Ветеринариялық станциялар	Ұсақ малдарды шомылдыру орындары	Жасанды ұрықтандыру пунктері	Биотермиялық шұңқырлар
1	Қарасу	1	1	1	1
2	Ақбастау	-	-	-	-
3	Ақбай	-	1	1	-
4	Әйтеке би	-	-	-	-
5	Ынтымақ	-	-	-	-
6	Бескепе	-	-	-	-
7	Жанатұрмыс	-	-	-	-
8	Береке	-	-	-	-
	Барлығы:	1	2	2	1

